



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жарғылық капиталы, резервтік қоры және оның 1997 жылғы таза табысын пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 26 желтоқсандағы N 3810

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заңмен белгіленген жарғылық капиталының мөлшерін қалыптастыру мақсатында және "Қазақстан Республикасының банк қызметі мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 шілдеде Z970154_ Қазақстан Республикасының Заңы қабылдануына байланысты қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің өндірістік-әлеуметтік дамуының 1997 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша таратылған қоры есебінен мына төменгі мақсаттарға:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің жарғылық капиталына - 5.229.243.162,42 теңге (бес миллиард екі жүз жиырма тоғыз миллион екі жүз қырық үш мың жүз алпыс екі теңге қырық екі тиын);

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің резервтік қорына - 2.013.339.650,81 теңге (екі миллиард он үш миллион үш жүз отыз тоғыз мың алты жүз елу теңге сексен бір тиын) бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің пайдасын 1997 жылы пайдалану туралы" 1997 жылғы 28 қаңтардағы N 3340 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Жарлықтың атауындағы "пайдасын" деген сөз "таза табысын" деген

сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-тармағы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының ұсынысымен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1997 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша таза табысы республикалық бюджеттің табысына бөлінсін."

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК